

**Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 01 желтоқсандағы "Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы" № 328/12 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 4/1 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 және 43-1 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 Қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасына сәйкес, аудан әкімдігінің актілерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, Май ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 01 желтоқсандағы "Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы" № 328/12 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 12-10-116 болып тіркелген, Май аудандық "Шамшырақ" газетінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы №2 санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Аудан әкімі*

*Б. Ысқақова*